

Ж.ТАНАУОВА

**САЛЫСТЫРМАЛЫ-ТАРИХИ ӘДІС – ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МҰРАЛАРДЫҢ
ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІН АНЫҚТАУФА
ҚАЖЕТ ТӘСІЛ**

Сравнительное исследование ведущее в разных целях и видах используется в разных теориях, взглядах, выводах и заключениях, в таких явлениях как особенности времени и места. В статье рассматриваются стороны, связанные с юмористическими рассказами.

Bu makalede, farklı amaç ve formlarda yapılan karşılaştırmalı araştırmalarla çeşitli teorilere, fikirlere, görüşlere, hatta aynı cins terimler başta olmak üzere zaman ve yer bakımından farklılık arz eden terimlere yönelik olarak yapılabiliğinden bahsedilmektedir.

Фольклортану ғылымының дамуында салыстырмалы-тарихи зерттеу қашанды ерекші рөл ойнайтыны белгілі жәйт. Типология – ғылымның салыстыра зерттейтін тәсілі, яғни әрбір затты және табиғат пен қоғамдық құбылыстарды ғылымның әр жүйесінде бір-бірімен салыстыра, тенестіре отырыш, олардың қалай пайда болғанын, даму жолдарын, өзара ұқсастықтарын, ерекшеліктерін анықтайтын сала. Типологиялық зерттеу тек қана үқсас құбылыстар мен олардың өзара байланыстарын және қайталанушылық қасиетін анықтаپ қана қоймайды, ол белгілі бір әдеби-эстетикалық тұтастық туралы айтуға мүмкіндік тудыратын принциптер мен бастамаларды ашу, сондай-ақ бұл құбылыстың белгілі бір типке, текке қатысын көрсету [1, 12].

Қазақ фольклорының түрлі жанрларын өзара да, өзге халықтардың ауыз әдебиетімен де салыстыру, сөйтіш үқсас құбылыстарға баға беру еткен ғасырдан бастап қолға алына бастағаны мәлім, яғни ұлттық фольклортануымызда қазақ фольклорын типологиялық түргыдан зерттеу ісі біршама жолға қойылған. Салыстыра зерттеу түрлі сипатта, әр түрлі мақсатта жүргізіледі. Ол әдіс сан алуан теорияларға, көзқарастарға, ой-тұжырымдарға, бір текстес үғымдардан бастап, арасында мезгілдік, мекендік айырмашылықтары бар құбылыстарға дейін қолданылады.

Фольклорлық мұралардың өзіндік өзгешелігін анықтауға аса қажет тәсілдің бірі – осы салыстырмалы-тарихи әдіс болыш саналады. Орыс фольклортану ғылымы ауыз әдебиеті шығармаларын осы тәсіл негізінде тексеріш, талдаш, күрделі нәтижелерге қол жеткізіп жүргені мәлім: «Существенное место при изучении фольклора должно уделяться сравнительно-историческому исследованию...

Ведущая роль в сравнительно-историческом изучении фольклорных произведений должна принадлежать сравнению историко-типологическому. Его предпосылкой являются единство и закономерность процесса социально-исторического развития, которым обусловлено развитие искусства, и в частности литературы как одной из идеологических надстроек, обнаруживающих значительные аналогии (при соответствующих исторически обусловленных различиях) на одинаковых ступенях общественного развития» [2, 185–187]. Шындығында да фольклор

материалына кең де жүйелі салыстырулар жасамай, ондағы ұндес, қайталама фактілерді тексермей, олардың заңдылықтары мен ерекшеліктерін есепке алмай, ауыз әдебиетінің табиғатын түсіну мүмкіндігінен алшақтаймыз.

«Типология как определенная закономерность, можно сказать, буквально пронизывает фольклор на всех его уровнях; система закономерно возникающих и внутренне обусловленных историко-типологических отношений характеризует фольклор в целом (как специфический тип творчества и как совокупность реальных результатов этого творчества) и в его отдельных элементах. Мы вправе говорить, например, о типологии образов, мотивов, сюжетов, художественных средств, о типологии жанров и жанровых разновидностей, о типологии фольклорных процессов и типологии принципов отношения фольклора к действительности (например, о типологии фольклорного историзма), шире – о типологии фольклорного сознания» [3, 9].

Типологиялық жағынан қарастырганда қазақ фольклорындағы жанрлардың Орта Азия халықтары фольклорында кездесетін жанр түрлерімен өзара ұқсастығы, үндестігі және кейбір өзіндік ерекшеліктері байқалыш түрады. Фольклорлық жанрлардың бір түрі қазақ халқы арасында жиірек айтылса, енді бір түрлері өзбек, тәжік, түркімендерде, тағы бір үлгілері қыргыз, қарақалпақ елдерінде көбірек кездеседі.

Ғалым Р.Бердібай «Салыстырмалы-тариҳи әдістің маңыздылығынан үзіліштің әдістің маңыздылығы жеке фактілердің үқсастығын немесе сәйкестігін анықтау ғана емес, ортақ заңдылықтар мен процестерді табу болмақ» [4, 3], – деуі жогарыдағы шілдемізді одан ары тиянақтайты. Одан әрі ғалым фольклордағы үқсастық пен сәйкестіктің типологиялық, генетикалық және тарихи-мәдени байланыстылық болып үш жүйеге болінетінін, мұның алғашқысы негұрлым кең тараған тұрақты фактор болып есептелетінін айтады. Сонымен қатар туысқан халықтардың, дамуы жағынан түрлі сатыдағы (стадиядағы) жүргіттардың, ұзақ уақыт бір-бірімен мәдени қарым-қатынаста болып келген көршілердің фольклорын салыстырып зерттеу де пайдалы жақтарын атап көрсетеді.

Фольклорлық сана уақыт пен кеңістікті, адамдар арасындағы қарым-қатынастар жүйесін, өмір мен өлімді, жақсылық пен жамандықты, қымбат пен арзанды өзінше бағалайды; өзіндік эстетикасы бойынша өмір материалын жинақтайты. Мұнда айтудың, жыршының ырқына бағынбайтын, объективті түрде төуелсіз тұратын заңдылықтардың мәні күшті болады. Ауыз әдебиеті шығармасы халықтың ұғым-түсінігін тікелей көшірмей, оларды өзінше қалып-модельге түсіреді. Фольклор қаһармандарының іс-әрекеті әдетте ешбір нақтылы тарихи шындықпен дәлме-дәл келе бермейтіні осыдан. Фольклорлық санада көне түсініктер элементі ұзақ сақталады, оның көркемдік жүйесінде дәстүрлік сарыны басым жатады. Болмыс шындығынан гөрі қиялдың, нақтылықтан гөрі әсірелеудің, анықтықтан гөрі шарттылықтың деңдеп кететіні жалпы фольклорлық сананың дүниені реалистік

Ж.Танауова. Салыстырмалы-тарихи әдіс – фольклорлық...

көркемдікпен танудан бұрын пайда болған құбылыс екенін сипаттайтыды. Ауыз әдебиеті шығармасы қалыптасқан дәстүр шеңберінде ғана жасалып, өмір кешеді, сакталады, дамиды, өзінің дүниетанымдық және эстетикалық негізі болыш табылатын сол дәстүр шартына орай тиісті өзгеріске туғынады. Көркемдік жүйесі мен элементтері қайталауларға, формулалыққа, тұрақтылыққа негізделетін фольклордың өз ішіндегі заңдылықтарды ескермей, оның ерекшеліктерін танып білу мүмкін емес.

Орыс фольклоршыларының еңбектерінде шепшімін ташқан осы және басқа көптеген теориялары мәселелерді, методологиялары межелерді, биік талдау деңгейлерін менгеру, солардың зерттеулерінде қалыптасқан қағидаларды ұлттық ауыз әдебиеті ескерткіштерін тереңірек тексеруге ұтымды пайдалану ғалымдарымыздың алдында түрған уәзиша [4, 4], - деп атап көрсетеді.

Күлдіргі әңгімелерді тарихи-типологиялық тәсілмен зерттеу керек екендігі барған сайын айқындалып келеді. Мәселен, түркі тілдес халықтардың біразында түрлі жанрда таралған күлдіргі әңгімелердің түбірін, даму жолдарын, эволюциясын, көркемдік сипатын – барлық қасиетін тану үшін кең салыстыруларға бармай болмайды. Эрине, олардың барлық тілдегі түрлерін түпнұсқадан оқып түсіну, ұқсастығы мен айырмасын еткей-тегжейлі тексеру жеңіл болмас. Бірақ қалай болғанда да, ауыз әдебиеті туындыларын жан-жақты зерттеу міндетті осыны талап етеді. Осыны ескере келіп ең жақын жатқан екі немесе үш халықтағы нұсқасын талдау көрсек, зерттеу жұмысының тынысы кеңейіп, адымы ұлғаятыны өзінен-өзі түсінікті.

Қазакта Алдаркөсе, Қожанасыр, Жиренші шешен, Тазша бала, Қылқенірдек, Шибұт, Жарғақбас және Өзбекстан жеріндегі қазақтар арасында Қошримеші, Лепірменші, Өмірбек лаққа, Назар шұшық айтышты деген ел аузында айтылып жүрген әңгімелер өте көп. Олардың әлі жиналғаннан жиналмаганы, зерттелгенінен зерттелмегені көп.

Кейбір зерттеуші-ғалымдар Алдаркөсеге байланысты азыз-әңгімелердің тек қазаққа ғана емес, ағайынды қыргыз, өзбек, қарақалпақ, түркімен халықтарында да кездесетінін айтты: “Осы елдердің айтылатын азыздарының бәрінде де Алдаркөсе халық ұлы, көшпілік атымен күреске шыққан, қанаушы тап өкілдерімен алсышп өткен азamat бейнесінде жағымды образы жасалады” [5, 142–145], – деген ой-шікірін білдіреді. Ал көрші өзбек ауыз әдебиетіндегі сатирылар өртектерді зерттеген ғалым Комил Имомов: “...хатто шундой әртаклар борки, улара Куса факат салбий қаҳромон сифатида акс эттирилади” [6, 81] – дейді де, Алдаркөсе жайындағы айтылған әңгімеде оның еңбекші халық өкілі екендігін айтады. Мысалы: “Әртак вариантида у оддий камбағал қишлоқ халқ вакили сифатида талқин этилса, достонларда сарой ам coldорлари Даллининг бақовул бописи” [6, 81], – дейді.

Өзбек ауыз әдебиетіндегі сатира және юмор жанрын зерттеген ғалым Хопимжон Раззоқов: “Босилиб чиққан китобларда Алдаркуса образини камситиш, халқчил томонларини паслатиб, алдамчи, фирибгар сифатида

курсатишига уринилишига қарамай, барыбир бу образ эксплуататорда уч олуачи меңнатташ омма вакилица сифатида яққол күзгө топшланади [7] – деп, Алдар көсө бейнесіне толық мағынада дұрыс қорытынды жасайды.

“Узбек халқ әртаклари” атты жинақта “Қириқ елғон”, “Алдаркусанинг уйланиши”, “Алдаркуса билан савдогар”, “Йуқолған дуниелар орасида”, “Алдаркуса билан имом”, “Халол молим” [8] т.б. күлдіргі әңгімелерде Алдар көсө образы әділетсіз хан, би, болыс, саудагер, имам сияқтыларды әзіл-оспаққа айналдырыш, әжүа-сықақ етеді. Алдаркөсө оқыған, білімді, көп білгетін дарын иесі болыш суреттеледі.

Өзбек ауыз әдебиетінің көне жанрлары дастан, қиссаларда да Алдаркөсө образы жағымсыз кейішкөр бейнесінде суреттеледі. Тіпті Алдаркөсө атымен ғана емес, “алдар”, “аер”, “куса”, “елғончи” эл оғзига түшгап исенкор, хушчақчақ [6, 8] сатиравы қейішкөр түрінде бейнеленеді.

Өзбек фольклортану ғылыминың негізін салған фольклоршы Ергеш Жуманбулбулұлының орындауы бойынша жазып алған “Ойсулув” [9] дастаны прозамен баяндалған. “Ойсулув” дастанында Алдаркөсө “аер”, “елғончи” бейнесінде берілген.

“...аер Куса қирқ айери билан пешвоз чиқиб, Пахлавон Қайсарға айтди. Кунботирнинг ев-яроғини, тулшар отини, қириқ йигитининг хам ев-яргони билан минадиган отини улжа олдим, узини банди қилдим. бары Аскартогғаниң ғорида маст булиб етибди. Лапқары тоннинг нариги опувида қуниб еттан эмиш. Хайдаб борсанғиз, оқшом етасиз, Кунботирни банди қилиб боғлақ оласиз, уңдан кейин муродингизга етасиз. Бизнинг хизматимиз шу булди” – деди [9, 12]. Осы сюжетте Алдар көсөнің бейнесі жан-жақты суреттеледі. Өзбек әдебиетіндегі ертегілерде Алдар көсе, көбінесе, женіске жетіп, үстем болыш көрінсе, ал көлемді эшикалық дастандарда уақытша ғана алдаумен женіске жетеді, соңында оның сырьы ашылып, жәңіледі, қолға түседі.

Алдаркөсөнің бейнесі қазақ, қырғыз, түркімен халықтарының ауыз әдебиетінде негізінен жағымды қейішкөр, ұнамды образ түрінде суреттеледі. Қазақ-қырғыз әдебиетінің байланысын зерттеген ғалым А.Мусиновтың шікіріне қарағанда да қазақ шен қырғыз халықтарының әдет-ғұршы, салт-санасы, ұлттық ерекшелігі жағынан да бір-біріне өте жақын, туыс бол араласып кеткендігін тарихи да әдеби байланысын ғылыми негізде дәлелдейді: “Казахи и киргизы - народы у которых необыкновенно развитого искусства словесного творчество. Или созданы удивительное по глубине своего содержания, идеальный направленности, художественному произведениям больших и малых жанров фольклора. Общность в фольклоре, а точнее, в эпосе в бытовом фольклоре (обрядовые песни, айтысы и т.д.) пословица говорит об исторических корнях братства этих народов” [10, 50–51].

Қорыта айтқанда, қазақ фольклортану ғылымы мен әдебиет тарихы саласында күлдіргі әңгімелер және олардың қейішкөрлері туралы зерттеулер

Ж.Танауова. Салыстырмалы-тариҳи әдіс – фольклорлық...

жазылғанымен, оның толықтай игерілмегендігі белгілі. Шебер айтылған күлдіргі әңгімелер – қоғам өмірінде болған өзгеріс, құбылыстарды жіті көзбен байқаң, бақылаш айтылған халық ойының жемісі, қорытындысы. Негізінен ауызша сақталған күлдіргі әңгімелер жаңа дәуірге сай, жаңа мазмұн, түр тауыш жаңарып, жаңғырып отырады. Қазақ күлдіргі әңгімелерінің бүкіл түрлі халықтарының күлдіргі әңгімелерімен тікелей байланысып, дамып келе жатқандығы типологиялық негізде салыстыра зерттегендеге анықтала түсетіндігін байқаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Храпченко М.Б. Типологические изучение литературы и его принципы. – В кн.: Проблемы типологии русского реализма. – М., 1969. с. 12.
2. Жирмунский В.М. Сравнительное литературоведение, – Ленинград, 1979, – 495 с.
3. Путилов Б.Н. Методология сравнительно-исторического изучения фольклора. – Ленинград, 1976, – 243 б.
4. Қазақ фольклорының типологиясы. Сөз басы. Р.Бердібаев. – Алматы, Фылым, 1981. 374 б.
5. Фабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Жоғарғы оқу орнының студенттеріне арналған оқулық, өндөліп, толықтырылып, үшінші басылуы. – Алматы, Мектеп, 1974.
6. Имомов К. Ўзбек сатирик эртаклари. – Тошкент: Фан, 1974.
7. Раззоқов Хошимжон. Узбек халқ оғзаки ижодида сатира ва юмор. – Тошкент: Фан наприети, 1965.
8. Узбек халқ эртаклари. – Тошкент. 1965.
9. "Ойсулув" дастонлар. Күп тумлик. Тошкент. F.Фулам номидаги адабиет ва саноат наприети. – Тошкент, 1984.
10. Мусинов А. Казахско-киргизские литературные связи. – Алматы: Фылым, 1974.
11. Күлдіргі әңгімелердің түркі халықтары фольклорында зерттелуі туралы // Түркология журналы, №3-4, 2009. 65-72-66.

REZUME

ZH.TANAUOVA (Turkistan)
THE COMPARATIVE-HISTORICAL METHOD - A NECESSARY WAY TO
DETERMINE THE PROPERTIES OF THE FOLK HERITAGE

A comparative study carried out in different forms and for different purposes is used in a variety of theories, opinions, conclusions from the homogeneous to the concepts of the phenomena of temporal and spatial differences. The article deals with this method relative to the ridiculous stories.